

## БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

## Квадрат түбір

ЖАРИЯЛАНДЫ  
23.09.2021

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/106978/>

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: <b>8.1А Квадрат түбір және иррационал өрнек</b>		Мектеп:		
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:			
Сынып: 8	Қатысқандар саны:	Сынып: 8		
Сабақтың тақырыбы	Нақты сандар			
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	8.1.1.1 иррационал және нақты сандар ұғымдарын меңгеру			
<b>Сабақтың мақсаты</b>	Оқушылар нақты сандарды салыстырады			
<b>Сабақ барысы</b>				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Рес урс тар
<b>Басы</b> 5 минут	<b>Ұйымдастыру бөлімі</b> Мұғалім оқушылармен амандасады, олардың сабаққа дайындықтарын тексереді. Сабақтың тақырыбымен, оқу мақсатымен таныстырады. <b>Үй тапсырмасын тексеру</b>	<i>Үй жұмысында оқушылар жіберген қателер олардың есінде сақталып қалмау үшін оны түзету.</i>  1. Бір оқушы тақтада үй тапсырмасының шығарылуын көрсетеді, қалағандары тексереді, қажет болса түзетулер енгізеді. Жалпы сол сандар жиындардың белгіленуі қалай? және т.с.с.		

<p><b>Негізгі бөлім</b> Тақырыпты ашу 10 минут</p>	<p>Мұғалімнің түсіндіруі Нақты сандар жиыны мен координаталық түзудегі нүктелер жиынын арасында өзара бірімді сәйкестік бар, әрбір нақты санға координаталық түзудегі бір ғана нүкте сәйкес келеді және координаталық түзудегі әрбір нүктеге бір ғана нақты сан сәйкес келеді. Нақты сандарды ондық бөлшектер сияқты сияқты салыстыруға болады. Оң сандар үшін алдымен бүтін бөлігін салыстырады, егер олар тең болса, ондық разрядтарын салыстырады. Егер олар да тең болса жүздік разрядтарын салыстырады. Мысалы. Сандарды салыстыр: 6,513... және 6,520... -1,807... және -1,808...</p>	<p>Оқушыларға сандар жазылған карточкалар таратылады. Топ мүшелері бұл сандарды өз қалаулары бойынша неғұрлым көп топшаларға топтастырады. Кейін әрбір топ сандарды қанша топқа топтастырғанын түсіндіреді. Басқа топтар тыңдайды, қажет болған жағдайда түзетулер мен енгізулеріне болады.</p> <p>Дескрипторлар: — Сандар жиынын топтайды; — Өз таңдауларын түсіндіре алады.</p>		<p>Сұрақтарға жауап берген оқушыларды әртүрлі смайликтермен мадақтау</p> <p>Слайд 5</p> <p>Слайд 6</p> <p>Слайд 7</p>
--	---	---	--	---

15 минут	<p>Нақты сандар жиынында қосу, азайту, көбейту, бөлу амалдары орындалады. Ондық бөлшектер арқылы жуықталған қосындысын, айырмасын, көбейтіндісін, бөліндісін табуға болады.</p> <p>Мысалы:  <math>a=1,(3)</math> мен <math>b=0,616616661\dots</math> берілген. <math>ab=?</math>  Мұғалім тақтада шығарылуын көрсетеді.</p>	<p>Жұптың әрбір мүшесіне 3 есептен тұратын карточка беріледі. Олар өз сандарын салыстырады, кейін жұптарына қалай салыстырғанын түсіндіреді.</p> <p>№1  Салыстырыңыз:  а) 101,71... және 110,8...;  б) 4,446... және -0,303...;  в) -0,123... және -0,121....</p> <p>№2  Салыстырыңыз:  а) 4,9(18) және 4,928...;  б) -4,315... және -4,318...;  в) -1,234... және -2,221....</p> <p>Дескрипторлар:  — Нақты сандарды салыстырады;  — Өз шешімдерін түсіндіреді.</p>	<p>Интерактивті тақта, интернет ресурстары (сайттар, видеолар, есептер), таратпа материалдар, көрнекі - демонстрациялық құралдар, фигуралар</p>
----------	---	--	---

10 минут	<p>Жалпы сыныпқа тапсырма  <math>5,28; -1,634\dots; -1,34\dots; -1,(3); 2,3(4); 2,(34)</math> сандарын  а) өсу ретімен; б) кему ретімен орналастырыңыз.  Оқушылар өздіктерінен шығарады, кейін тақтада бір оқушы шығару жолын көрсетеді. Сол арқылы оқушылар өздерін тексереді.  Дескрипторлар:  — Нақты сандарды салыстырады;  — Өсу ретімен орналастырады;  — Кему ретімен орналастырады.</p>	<p>Жеке жұмыс  1. <math>-1,06; 5,13(6); 6,08; 2п ;5,(4); 5,434334333\dots,</math>  <math>-3</math> сандардың ішінен иррационал сандарды теріп жазыңыз.  Дескриптор:  — Иррационал сандарды ажыратады.  2. Сандарға сәйкес әріпті сан өсіне орналастырыңыз, жауапт кему ретімен жазыңыз.  А <math>0,75</math>  В <math>1,732050\dots</math>  С <math>3</math>  D  E  F <math>2,6666\dots</math>  G <math>-1,414213\dots</math>  H п  Дескрипторлар:  — Нақты сандарды салыстырады;  — Сан өсіне салады;  — Кему ретімен орналастырады.</p>		
<p><b>Соңы</b>  5 минут</p>	<p><b>Сабақты бекіту</b>  Үйге тапсырма:  1) Теорияны оқу;  «Айналамыздағы геометрия» творчестволық жұмыс</p>	<p><b>Рефлексия</b>  Рефлексия:  Оқушылар көршілерімен дәптерлерін алмастырады, мұғалімнің жауабы арқылы өзара тексеру жүргізеді, дескрипторлар арқылы бағалайды.</p>		<p>Алдамұратова Т.А.,  Байшоланов Е.С.  Математика:  Жалпы білім беретін мект. 5-сыныбын а арн. / Т.  Алдамұратова, Е. Байшоланов. 4-басылым ы. — Алматы: Атамұра, 2015) №76 , № 78-81</p>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.